ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 22-мамыр № 4712-26-00-2/1376 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.С. Бейсенов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 16 «Бөбек» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«MEGATECH» жеке кәсіпкері, басшысы Роман Андреевич Колесников

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. Айыппұлды өндіру туралы.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою – қанағаттандырылсын.

«MEGATECH» жеке кәсіпкері, басшысы Роман Андреевич Колесников, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«MEGATECH» жеке кәсіпкерінен, басшысы Роман Андреевич Колесников, Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 16 «Бөбек» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 1496 (бір мың төрт жүз тоқсан алты) теңге айыппұл өндірілсін.

MEGATECH» жеке кәсіпкерінен, басшысы Роман Андреевич Колесников, мемлекет пайдасына 2208 (екі мың екі жүз сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім

шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Р.С. Бейсенов

Құжатқа қол қойылған: Бейсенов Р. С., 22.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 23.06.2026, судья Бейсенов Р. С., 30.06.2026

4712-26-3-1/1222